

**4 Бөлім.**

**ӘДЕБИЕТТАНУ: ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ**

**Раздел 4.**

**ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ: ТРАДИЦИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ**

**Part 4.**

**LITERARY STUDIES: TRADITION AND MODERNITY**

**ӘОЖ 82-3**

**ҒТАХР 17.07.41**

**<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.032>**

**ҚАЛАЛЫҚ ПРОЗАДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР ТИПОЛОГИЯСЫ**

**\*Аманғазықызы М.<sup>1</sup>, Оразбек М.С.<sup>2</sup>**

**\*<sup>1</sup>А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты  
Астана, Қазақстан**

**<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан**

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі қазақ әдебиетіндегі қала тақырыбында жазылған шығармалардағы кейіпкерлердің типологиясы және олардың негізгі белгілері мен ерекшеліктері қарастырылған. Көркем шығармалардағы қала мәдениетінің негізгі өкілдері ретінде өнер адамдарының бейнелеріне ерекше назар аударылған. Қаладағы қоғамдық-әлеуметтік жағдайға байланысты адамдардың топтанулары арқылы әдеби туындыларда «қала халқы» ұғымының қалыптасу мәселелесі зерттелген.

Зерттеудің негізгі мақсаты – қала мәдениетін құрушы көркем бейнелерді анықтау және қазіргі қаланың көркем сұлбасы мен қоғамдағы орнының әдебиетте көріну ерекшелігін саралау. Сонымен бірге мақалада қазақ әдебиетіндегі постмодернизм ағымы мен оның көркемдік амалдары арқылы қалыптасқан «қалалық» ұғымының көркемдік табиғаты талданды. Зерттеуде алғаш рет қазақ әдебиетіндегі қала тақырыбына байланысты шығармалардағы кейіпкерлердің типтік бейнелері зерделенген.

Қалалық кейіпкерлердің бейнелері Рақымжан Отарбаев, Мұхтар Мағауин, Дүкенбай Досжан, Асқар Алтай, Роза Мұқанова, Ерболат Әбікен сынды авторлардың шығармалары арқылы талданып, көрсетілген. Жоғарыда аталған авторлардың шығармаларында берілген бейнелер мен сюжеттерді талдау қазақ әдебиетіндегі қала өмірінің күрделілігі мен алуан түрлілігін көрсетеді.

Жұмыстың ғылыми маңыздылығы әдеби туындыларда суреттелген қала бейнесінің қазіргі қазақ әдебиетінде қалыптасуы мен оны жасауда қолданылған көркемдік әдістерді саралау және әдеби үдерістегі жаңа

бағытты айқындауымен ерекшеленеді. Зерттеудің тәжірибелік жағы әдеби шығармалардағы қала тұрғындарының өзара қарым-қатынасы мен қалалықтардың қазіргі қоғамның әлеуметтік және мәдени өзгерістеріне қатынасын әдеби талдаудан көрінеді.

Зерттеу жұмысында герменевтикалық, салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылған. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі қала тұрғындарының бейнесін жіктеп, типологиялық сипатын анықтау барысында шетелдік және отандық ғылыми еңбектер басшылыққа алынған.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарында әдебиет теориясы мен поэтикасы сияқты теориялық курстарды оқытуда, арнаулы курстар мен семинарларда, қазіргі әдебиеттанудағы жаңа бағыттардың қалыптасуын зерттеуде қолдануға болады. Зерттеудің құндылығы қазіргі әдеби үдерістегі жаңа бағыттар мен жаңа сипаттағы типтік бейнелердің қалыптасу жолын көрсетуімен сипатталады.

Мақаланың қорытындысында алынған негізгі тұжырымдар арқылы қазіргі қазақ әдебиетіндегі қала бейнесі арқылы қалыптасқан заманауи ұғымдар мен қазіргі адамның дүниетанымы мен өмірлік философиясын танытуға болады.

**Тірек сөздер:** қазіргі қазақ әдебиеті, қала бейнесі, қала тұрғыны, мәдениет, қалалық адам, жаңа заман адамы, әдеби үдеріс, рухани құлдырау, рухани өркендеу

### Кіріспе

Зерттеу барысында алынған негізгі материалдар қаладағы күйбең тіршіліктің бейнесін танытатын, қоғамдағы қарапайым адамдардың бет-бейнесін аңғартатын шығармаларды қамтиды. Сонымен қатар қала мәдениеті туралы философиялық талдаулар мен негізгі оқиғалары қалада өткен шығармалар талданып, ондағы өнер адамдарының мінез ерекшелігіне, іс-әрекетіне назар аударылды. Себебі нақтылы қала тұрғынының өмірі мен қалалық психологияға ғана арналып жазылған жеке туындылар болмағандықтан, жалпы қала бейнесі суреттелген шығармалар алынды. Талдау негізінде қала тұрғындарының типологиясын бірнеше топқа бөліп қарастыруға болатынына көз жеткіздік:

1. Өнер адамдарының бейнесі (жазушылар, ақындар, журналистер, суретшілер, артистер, т.б.).
2. Ғалымдардың бейнесі.
3. Мемлекеттік қызметкерлердің бейнесі.
4. Сауда қызметкерлерінің бейнесі.
5. Қала балаларының бейнесі.
6. Қаладағы қылмыскерлердің бейнесі (мафия басшысы, ұрылар, т.б.).
7. Баспанаға зәру жандардың бейнесі (студенттер, ауылдан қалаға жұмыс іздеп келген жандар).

Зерттеу барысында М. Мағауиннің, Р. Отарбаевтың, Д. Досжанның,

Р. Мұқанованың, Е. Әбікеннің және тағы да басқа жазушылардың туындыларындағы қала тұрғындарының көркем бейнелері талданды. Олардың жазушы стиліне сай ерекшеліктері және постмодернизм ағымына байланысты өздерінің іштей тұйықталулары да талдау барысында ашылды.

Қала өмірі, қаладағы халықтың тұрмысы туралы шығармалар қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың басынан көбейе бастады. Мәселен, М. Әуезов пен Ж. Аймауытовтың сол кездегі прозалық шығармаларында қала тынысы жақсы ашылған. Ол кезде өз заманына лайықты кейіпкерлер типі жасалған болатын. Олар оқуға ұмтылған қала жастары, өнер адамдары, қаладағы саудагерлер, жұмысшылар және тағы да басқа әртүрлі кәсіп иелері. Қазақ халқы үшін қала тақырыбы таңсық емес еді десек те, қала өмірі мен урбанизация әсерінен пайда болған кейіпкерлердің өз заманына сай жаңа адам бейнесінде келгені де шындық. Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындары» деген трактатында қала тұрғындарының ерекшеліктерін, қаланы басқару жүйесін негіздеп жазған. Біздің тақырыбымызға қатысты сараласақ, Әл-Фараби өз трактатында жалпы қаладағы адамдардың бір-біріне қатысты, байланысты болатыны себепті бір-біріне үнемі көмекке дайын болуы керек екенін білдіреді [1, 92 б.]. Қандай қоғам болса да, адам жанының ізгілігі туралы, адам жанының рухани өсуі мен өркендеуі туралы мәселе талқылануы керек. Алайда ХХІ ғасырдағы туындылардың көбінде адам жанының құлдырау сәті бейнеленіп, адам жанының азапты сәттері суреттелетіні шындық. Мұның барлығын қазіргі қазақ әдебиетіндегі постмодернизм ағымының әсерінен деп бір жақты қарауға болмайды. Постмодернистік шығарма авторларының да басты бағыты адам жанының ізгілігі екені анық. Бірақ постмодернизм бағытында жазылған шығармаларда көп жағдайда адам жанының құлдырауға түскен сәті бейнеленеді. Содан соң адамның өз жанының азабынан құтылу жолында өзінің ішкі әлемімен психологиялық тартысқа түсуі көрсетіледі. Адамның ішкі рухани әлеміндегі тартыс негізі ізгілікке ұмтылудан шығады. Жақсылыққа жаны талпынған кейіпкерлер көп жағдайда басына түскен азапты сәттердің шырмауынан шыға алмай мерт болып жатады. Егер әдебиетті өнер деп қарасақ, өнердегі трагедиялықтың эстетикалық қуаттың ең биігі екенін ұғуға болады. Мәселен М. Мағауин «Жармақ» романында Мұраттың өзін-өзі өлтіруі арқылы жаны құлдырауға түскен екінші бейнесі Маратты да жояды. Қандай жағдай болса да, жақсылыққа ұмтылған адамның рухы жеңіп, ізгілік орнайды. Сол себепті постмодернизм бағытында жазылған шығармалар бірыңғай қоғамның құлдырау сәтін суреттеп, келеңсіз оқиғалар тізбегін жасайды десек қателесеміз.

ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиетінде адам мәселесі, адамның ішкі әлемі туралы дүниелер өмірге келе бастады. Атап айтсақ, А. Алтай, Р. Отарбаев, А. Кемелбаева, Р. Мұқанова, Д. Амантай, Д. Қуат, Қ. Әбілқайыр, Д. Рамазан және басқа да қаламгерлердің шығармаларындағы кейіпкерлердің болмысы мен қоғамдағы орны аталған көркемдік әдіс негізінде көрінеді. Жоғарыда

аталған жазушылардың шығармаларында қала адамының тұрмысы мен өнерге қатысы, мәдени деңгейі біршама бейнелі көрінген.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Қазіргі адамтану ғылымында әдебиеттанудың антропологиялық векторына қатысты кейіпкерлердің типологиясын зерттеу өзекті болып отыр [2]. Көркем шығармадағы кейіпкерлердің типологиясын анықтау әлемдік әдебиеттануда біршама зерттелген. Жалпы әдеби қаһармандарды жіктеудің түрлі тәсілдері бар: «уақыт қаһарманын» (тұтас дәуірге тән тұлға типі) бөліп қарастыру және бір автордың әртүрлі қаһармандарының типін зерттеу.

Бірінші тәсіл бойынша орыс әдебиеттануында Л.Г. Дорофеева [3], Р. Найденова [4], Т.Е. Сутягина [5] және т.б. арнайы зерттеу еңбектерін жазды. Жоғарыда аталған еңбектерге тән ортақ ерекшелік – белгілі бір типтегі әрбір қаһарманға тән жалпы белгілерді анықтауға тырысу. Мысалы, Л. Дорофеева «Көне орыс әдебиеті мен И. Шмелев прозасындағы («В. Мономахтың ілімі» мен И. Шмелевтің «Жаратқанның жазы») момын кейіпкердің типологиялық белгілері» (2013) мақаласында момын адам бейнесінің басты типологиялық қасиеті – «ымыра ұстанымы, немесе адамның өз еркін Жаратушының қалауымен еркін байланыстыруы» [3, 325 б.] дейді. Бұл типтің негізгі белгісі ретінде зерттеуші Жаратушының қалауын іздеу мен оны орындауға деген ұмтылысты атайды және мұндай қаһармандар санасындағы ерекше теоцентризмді атап өтеді. Момын қаһарманның мысалы ретінде Л. Дорофеева И. Шмелевтің «Жаратқанның жазы» романындағы Горкинді келтіреді, осы кейіпкердің қаһармандардың дәл осы типіне жататынын дәлелді түрде негіздеп береді.

Зерттеуші Т.Е. Сутягина өзінің «Артық адам» және «тәубаға келген дворян»: орыс әдебиетіндегі қаһармандар типологиясы мәселесі» (2018) зерттеуінде «артық адамның» дворян табынан болуына назар аударады. Мұндай қаһарман қашан да өзі өмір сүріп отырған қоғамда жүзеге асыра алмайтын қандай да бір қабілетке ие. «Артық адам» «жалпы тіршілікке деген салғырттыққа ұласатын рухани ізденістерімен» [5, 206 б.] сипатталады. Бұл типтегі қаһармандар қатарына зерттеуші дәстүрлі түрде Чацкийді, Евгений Онегинді, Печорин мен Обломовты жатқызады. Сондай-ақ Т.Е. Сутягина «тәубеге келген дворян» типін бөліп қарастырады, бұл типтің дворяндар ортасында кең таралған халықшылдық идеясынан туындағанын атап өтеді. «Тәубеге келген дворян» өзінің әлеуметтік күнәсін ұғынады – өз жағдайының күнәсін сезініп, өкінеді. Бұл «төңкерілген діншілдікке» алып келді – «Христос үшін зиян шегу» адамдар игілігі үшін жеке бастың қамынан бас тарту, «халық үшін зиян шегуге» деген ұмтылыспен алмасады [5, 210 б.].

Екінші тәсіл нақты бір автор қаһармандарының типологиясын зерттеуге арналған еңбектерде қамтылған. Ең алдымен, бұл қатарда орыс

әдебиетіндегі Ф.М. Достоевский шығармашылығына арналған қомақты еңбектерді атап өтуге болады: Ф.В. Макаричевтің диссертациясы [6], О. Даниленко [7] мен Е.В. Новикова мақалалары [8]. Аты аталған әрбір зерттеуші Достоевскийдің қаһармандар типін айқындауда өз тәсілін ұсынады. Ф.В. Макаричев – синтетикалық тәсілді ұстанады. Бұрын қалыптасқан типологиядағы «қарастырылған «типтерді» кең мағынада, «тақырыптар» мен «сарындармен» байланыста түсіну қажет деп біледі [6, 23 б.]. О. Даниленко психологиялық ұстанымды негіз етіп алады, Ф.М. Достоевскийдің ерте кезде жазған мәтіндеріне сүйене отырып, бейнелердің басты типологиялық сипатын талдайды. Е.В. Новикова «Әзәзілдер» романының мысалында телқосақ (двойничество) феноменін зерттеуге мән берді. Л. Артамонова Ф.М. Достоевскийдің «Жазушы күнделігіндегі» қаһармандарды зерттеуде әлеуметтік-типологиялық тәсілді негізге алады.

Кез келген автордың жекелеген шығармаларын талдап, баға беріп, ондағы кейіпкерлердің типаждарын айқындау үшін, басқа да зерттеулер мен басқа да көптеген автордың бейнесін салыстыра отырып талдау қазіргі зерттеулердің негізі болып отыр. Орыс және басқа да шетел әдебиетіндегі типологиялық саралау негіздеріне сүйене отырып, қазіргі қазақ әдебиетіндегі қала тұрғындарының бейнесін жіктеп, типологиялық сипатын анықтау барысында көптеген ғылыми еңбектер қарастырылды.

Бүгінгі күні қазақ әдебиеттануында қалалық кейіпкерлер типологиясын зерттеген ғылыми еңбектер жоқтың қасы. Кейінгі жылдары қалалық балалар бейнесін зерттеумен айналысып жүрген әдебиеттанушы М. Оразбектің «Қазақ әдебиетіндегі қалалық жасөспірімдер образы» атты мақаласында Толымбек Әбдірайымның «Тұнжыр» хикаяты талданады. Автор хикаятты талдай келе, ««Тұнжыр» хикаятында автордың шығармашылық тұлғасы қазіргі қалалық қазақтардың тұрмысын, жасөспірімдердің психологиясы мен болмысын, дүниетанымын бейнелеу арқылы қазақтың болашағына көз салып, бүгінгі қоғамға ой салған авторлық позициясымен құнды» [9] деп өз сөзін аяқтайды. Қала баласының жалпы қоғамға деген көзқарасы мен ұлттық дүниетанымына назар аударған автор қалалық жасөспірімдердің жеке басының ерекшеліктеріне назар аударады.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі қала тақырыбын суреттейтін шығармалардан қала тұрғындарының, оның ішінде қаладағы өнер адамдарының, мемлекеттік қызметкерлердің, зиялы қауым өкілдерінің, түрлі салаларда қызмет жасап жүрген жұмысшылардың бейнесін кездестіруге болатындығын жоғарыда айттық. Мәселен, Асқар Алтайдың «Бүкір» әңгімесінен орыстілді қазақтардың бейнесі көрінеді. Автор Бүкір бейнесі арқылы қазақ қоғамындағы біраз мәселенің басын ашады: бүгінде қоғамда көп талқыланып жүрген құрсақ ана мәселесі, дін мәселесі, жемқорлық мәселесі.

Қазақтың тарихымен орыс және әлем тарихын оқи отырып танысқан кейіпкердің ойлауы да, қабылдауы да қазақ ұғымына жат. Кейіпкердің:

«– Шойыныңды да, Масаңды да оқыған жоқпын. Орыс пен әлем тарихын аударатөңкере қарап шыққаннан кейін түйгенім... Ал олар маған дейін сондай ой түйген қазақ азаматтары болса, молодец! Олар да Қазақстан азаматтары... Өзгеше ойлауға иеет право. Тем, более, қазақтар!» [10] деуі осы сөзімізге дәлел.

Зерттеудің басты нысанына айналған қалалық кейіпкерлердің типологиялық бейнесін саралаудың маңызы – қазіргі қазақ әдебиетіндегі қала тұрғыны туралы жазылған шығармалардың көбеюі және олардың жалпы қоғамдағы орыны туралы нақтылы зерттеудің болмауынан шығады. ХХІ ғасырдағы ауыл мен қаланың интеграциясы мен урбанизация әсерінен әдебиетте де жаңа бейнелер пайда болды. Қазақ әдебиетіндегі жаңа типтік бейнелер – қала тұрғындары және олар қаладағы әртүрлі мекемеде жұмыс істейтін қызметкерлер, мәдени орындардағы өнер адамдары, оқу орындарындағы студенттер мен оқытушылар және тағы да басқа көптеген мамандықтың иегерлері. Зерттеу барысында қала мәдениетін қалыптастыратын өнер адамдарының типтік бейнелеріне талдау жасауды негіз етіп алуымыздың басты себебі – урбанизацияның ең басты белгісі өнерге қатысты адамдардың ұжымдасып қызмет ететін жерлерінен басталатындығында болып отыр. Театрдағы артистер мен суретшілердің ортасы, жазушылар мен ғалымдар қызмет ететін орындар қала мәдениетінің негізі болғандықтан, алдымен өнер адамдарының типтік бейнелеріне талдау жасау дұрыс деп саналды.

Зерттеу барысында көркем мәтінді түсіндіруде герменевтикалық әдіс қолданылса, постмодернистік ағымда жазылған шығармалардың ерекшелігін анықтауда салыстырмалы зерттеу әдісі қолданылды.

### **Нәтижелер**

Зерттеуші Т.И. Васильеваның айтуынша, жиырмасыншы ғасырда «қала» концептісі екі парадигмаға (технократтық тәсіл және органикалық тәсіл) біріктірілді. Технократтық тәсілге сәйкес, қалалық өмір салты өндірістік үрдістердің функциясы ретінде, ал қаланың өзі өндіріс пен өмірді ұйымдастырудың ең ұсақ бөлшектеріне дейін жобаланатын және жүзеге асырылатын құрылым ретінде танылады. Органикалық тәсілге сәйкес, қала дамудың ішкі заңдылықтары бар, өзін-өзі дамытатын тұтастық ретінде әрекет ететін әлеуметтік-мәдени ағза ретінде қарастырылады, онда адам өзінің тіршілігін мәдениеттің құндылықтарына сәйкес қалыптастырады» [11, 94 б.].

Екі парадигма да қала тақырыбына арналған шығармалардағы кейіпкерлердің типологиясын талдауға көмектеседі. Мысалы, бұл қалалық ортадағы белсенді әрекеттер арқылы жоғары әлеуметтік мәртебеге, өркендеуге және материалдық әл-ауқатқа жетуге ұмтылатын кейіпкерлер болуы мүмкін. Олар өз мақсаттарына жету үшін қала беретін мүмкіндіктерді белсенді түрде пайдаланатын амбициялы кәсіпкерлер, саясаткерлер



немесе мансапқорлар. Мұндай кейіпкерлер өздерінің шешімділігімен, парасаттылығымен және қала өміріне прагматикалық көзқарасымен ерекшеленуі мүмкін.

Органикалық көзқарас тұрғысынан кейіпкерлерді қаланы өндіріс тетігі ретінде ғана емес, сонымен қатар олардың жеке және ұжымдық болмыстары қалыптасып, дамып отыратын әлеуметтік-мәдени кеңістік ретінде қарастырсақ болады. Мұндай кейіпкерлер қаланың мәдени дәстүрлеріне, тарихи мұраларына және әлеуметтік құндылықтарына терең жақындығын көрсете алады. Олар қала өмірі мен мәдениетінің қайталанбас ерекшеліктерін сақтауға және насихаттауға тырысатын суретшілер, жазушылар, музыканттар болуы мүмкін. Мұндай кейіпкерлер өмірге шығармашылық көзқарас таныта алады, қоршаған ортамен үйлесімділікке ұмтылады, қаламен және оның тұрғындарымен рухани және эмоционалды байланыстарды сақтай алады. Кейбір кейіпкерлер қалалық ортаға бейімделіп, онда өркендеуге ұмтылады, ал басқалары қала өмірінің талаптары мен үміттерін елемей, өздерінің даралығын сақтап, өз құндылықтарын ұстануды қалайды.

Қала мәселесі қозғалған шығармаларды талдай отырып, ғалым Т. Васильеваның айтқан екі түрлі қала бейнесін анық көруге болады. Мысал ретінде А. Алтайдың «Қаладағы құтпандар» повесін алуға болады. Автор бес иттің әрекеті арқылы адамдар қолымен жасалған небір қылмыстардың ашылғанын көрсетеді. Иттің көзімен көрінген мәдени орындар мен қаланың технологиялық инфрақұрылымы бес иттің жүрген жерлері арқылы бейнеленіп отырады. Сондай-ақ, Р. Отарбаевтың «Актриса» әңгімесі арқылы бірыңғай өнер адамдарының асқақтыққа ұмтылып, өнерді таза, пәк күйінде ұстамай, бір күндік марапатқа бола рухани дүниенің мәнін кетіргенін ащы сарказммен бергенін көреміз. Мұнда да адам жаны рухани күйреп, бір сәт оқырмандарының алдында жойылып кететіндей көрінеді. Бірақ, ізгі әлем, өнердің қуаты қойылым қою кезінде артистердің бар жан дүниелерімен тазалану сәттерін басынан кешіретіндей етіп көрсетеді. Өкініштісі сол, сахнадан түскенде барлығы да қарапайым «марапатқа таласқан» пенде қалпына түседі.

Рақымжан Отарбаев «Актриса» әңгімесінде театр өмірі, ондағы артистердің арасындағы қызғаншақтық, алауыздық сияқты жағымсыз қылықтарды сарказммен бейнелейді. Әңгіменің басталуынан жазушы тілінің ойнақылығын, сатиралық сарын мен ирониялық көзқарасты білдіретін кекесін мен мысқылды аңғарамыз: «Бар пәле Гогольдің «Үйленуінен» шықты...» [12, 278 б.]. Әңгімеде театр атмосферасы, театр артистерінің ішкі жан дүниесі мен сыртқы болмысы, жалпы өнер адамдарының психологиясы тамаша бейнеленген.

Бұл әңгімедегі кейіпкерлер кіл ұнамсыз бейнелер. Өмірді театрға айналдырып алған кейіпкерлердің әрекеті арқылы көрінетін ащы күлкі бар.

Даудың басы атаққа таласудан басталады. Оған мәдениет

министрлігінен келген бұйрық себеп болады. Р. Отарбаев театр саласын жақсы білетін драматург ретінде артистердің қимыл-әрекетін әсерлі ойнатып береді. Мысалы, министрліктен түскен жарлықты естіген театр директоры «буыны босап, орнынан үш ұмтылып тұра алмай қалды» [12, 278 б.] десе, «орден аламыз» деп шабыттанған бас режиссерді «бір көтеріліп кетсе көпке дейін қона алмай қоятын әдетімен шымқай қызыл бешпетінің тиегін ағытып, құлашын кеңге жайып жіберді» [12, 279 б.] деп бейнелейді. Шағын ғана детальдар арқылы үлкен бейнелерді әсерлі берген.

Аталған бұйрық себеп болып театр ұжымы бірнеше топқа бөлінеді. Бір топтың адамдары «Президент әкімшілігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитетіне арызданатын болып» уәделесіп жатса, аядай гримерныйға жиналған үшінші топ «басшы сықпыты жоқ» директорды да, «барып тұрған дарынсыз» режиссерді де орнынан қуу керек деп ұрандатып «көтеріліс» жасап жатады. Артистердің кәсіби шеберліктеріне ештеңе дей алмайсың. Олардың бәрі де өз ісінің шебері. Алайда атаққа, байлыққа аса зәру көрінеді. Сондықтан да өздерінің шағын ұжымдарында «бір мүмкіндік» келгенде әрқайсысы сол мүмкіндіктен құр қалмауды ойлап жанталасады. Бір жағынан ұжымның сол жетістік үшін бір сәтке болса да бірігуі байқалады. Р. Отарбаевтың «Актриса» әңгімесі – қоғам шындығының кішірейтілген көрінісі сияқты көрінеді. Мұнда мансапқорлық, іштарлық, бақталастықпен қатар, ұсақ өш алу, өсек, интрига қат-қабат көрініс береді. Артистер өмірдің өзін ойнап жүргендей әсер береді.

М. Мағауиннің «Жармақ» романы өте күрделі және жаңа ағыммен жазылған туынды болғандықтан, оның негізгі идеясы да күрделі ұғыммен сабақтасады. Ол ұғым – адам болмысының ерекше сипаты туралы. Автор екіге бөлінген Мұрат пен Марат туралы айта отырып, тәуелсіздік алғаннан кейін де өздерінің тарихи санасына кіре алмай дағдарған ғалымдар мен күнкөріс қамы деген сылтаумен ғылымнан кетіп, кәсіп бастаған замандастарын да астарлап атап өтеді. Сонымен бірге таза, адал, сауда емес, қол ұшымен жалғасқан тамыр-таныстық, жемқорлық дерті жайлаған сауданың кейпін көрсетеді. Бірі таза ғылым жолындағы еңбегін шығара алмай қиналғанда, екінші жартысы оған өзінің ақшасы арқылы жылдам шешіп бере алатынын білдіреді. Жалпы шығармадан постмодернистік ағымның Мұхтар Мағауинге ғана тиесілі, өзіне ғана тән ащы сарказмы мен өткір тілін байқау қиын емес.

Кейіпкерлердің екіге жарылғаны сияқты романдағы қала келбеті де екі түрлі: бірі – сән-салтанатты, байлыққа бөккен, арам жолмен келген, дүниемен көз шағылыстырған жалған сұлулық болса, екіншісі – қарапайым, қоңырқай тірлікті бейнелеген суретті сөз. Жазушының айтпағы да қала тірлігіндегі осы екіге жарылу тек бір адамның ғана бойында емес, жалпы қалалықтардың бойында болатынын көрсету болатын.

Жазушы Дүкенбай Досжанның «Ақ Орда» романында қазақ елінің бас қаласы Астананың құрылысы мен сол қаланың мәдениет ордасына



айналуы үшін қызмет етіп жүрген мемлекеттік қызметкерлердің көркем бейнесі жасалады. Жазушы көпшілік біле бермейтін мемлекеттік қызметтің қиындығы мен ел тағдырына жауап беретін сәттерде қатты ширығып, әртүрлі тартысқа түскен кейіпкерлер бейнесін сомдаған. Романның үшінші бөлімінде түрлі ғылым салаларына өзгеріс әкелген қоғам қайраткерлерінің есімдері, лауазымдары еш өзгеріссіз берілген. Мәселен, романда 2004-2007 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі болған Бірғаным Әйтімованың есімі еш өзгеріссіз алынған. Министрдің Президентпен кездесу үстінде ұсынған тұжырымдары егжей-тегжейлі баяндалады. Расында, тарихи тұрғыдан алып қарасақ та, білім саласындағы іргелі өзгерістер осы жылдары жүзеге асқан. Жазушы кейіпкеріне бас кейіпкердің ойы арқылы баға береді: «Мына министр – реформаға жанып жүріп жалын жастығын қиған, үндемей, дабырламай-ақ көп іс тындырған дарынды тұлғаның бірі... Қай қиынға салсаң да – майыспай, қайыспай алып шығар, алдаспан қылыш секілді. Өр мінезді өжет жан!. Министр туралы Президент ойы осылай еді» [13, 384 б.].

Романдағы нақтылы тарихи тұлғалардың бейнелерінің алынуы оның деректілік сипатын көрсетеді. Сонымен бірге жалпы ел ішінде мемлекеттік қызметтегі жандардың барлығы дерлік жемқор немесе халықтың мүддесін ойламайтын адамдар деген пікірге қарсы ой айтатын шығарма кейіпкерлері барлық қарапайым адамдар сияқты тірлік ететін жандар. Олардың алдындағы мақсат – елдің ертеңі үшін қызмет ету. Автор Бірғаным Әйтімованың бейнесі арқылы қазақ әдебиетіндегі мемлекеттік қызметкердің жаңа типтік бейнесін жасаған. Рас, автор кейіпкер атын өзгертпей қолданғанымен, еліміздің болашағы жолында осы кісідей қызмет атқарып жүрген жандар баршылық. Олардың да ой-жүйесі роман кейіпкеріне ұқсайды деп сенеміз.

Жазушы Ерболат Әбікеннің «Пәтер іздеп жүр едік» деген әңгімесі қазіргі кездегі әлеуметтік тақырыптардың бірі – жастар арасындағы баспанасыздық мәселесін қозғайды. Студент жастардың отау құрып, Алматыдай үлкен мегаполисте баспана таба алмай, көрінген адамның босағасында жүруі көпшілік қауымға таныс жағдай. Автордың өткір сарказммен баяндаған оқиғасы қазіргі күні де өзекті және шешімін таппаған мәселелердің қатарында. Сондықтан да қазақ әдебиетіндегі қала тақырыбында жазылған шығармалардағы кейіпкерлердің типологиясы дегенде пәтер жалдаушы жандардың типін бөлек алып қарастыруға болады. Әңгіме: «Алматыны алты айналып, жетім бұрышты жеті айналғанда өкшем опырылып түсті. Енді маймақ жүріске бастым, аяғым ауырды деп келіншегім отыра кетті. Пәтер іздеп жүр едік... Құмырсқаның илеуінше қайнаған жетім бұрыштан бізге лайық пәтер табылмады. Табылмады емес, табылды-ау, әкесінің құнын сұрайды, тіпті делдал саған қарайтын емес, сөйлесу үшін де кезекке тұрады екенсің» [14], – деп басталады. Автор оқырмандарын бірден өзекті мәселенің аймағына кіргізеді. Әңгіменің өзегі болған баспана іздеу мәселесінде автор натурализм әдісін жиі қолданады. Юморлық сарын пәтер

берушілердің бейнесін суреттеуде сатиралық сарказмға ауысып отырады: «Сол жақ бұрышқа ұзынынан екі төсек қойылыпты. Төсек емес, үсті-үстіне қиюластырып, кірпіші, шөркесі аралас бірдемелердің үстіне жатқызып қоя салған тақтай екен. Сол тақтай төсектің біреуінің тең жартысы есіктің артындағы үйді бөлген кездегі бетон қабырға мен тақтай қабырғаның арасындағы бос аралыққа кептеліп кіргізіліпті. Егер осы қуыс болмаса бір ғана төсек сыятындай. Үш метр үйге төрт метр төсек, эне, солай сыйып тұр. Оған кір-кір, мақтасы салбырап, тозығы жеткен матрац төселіпті» [14]. Автордың ащы сөздері жанайқайындай естіледі. Міне, қазақ әдебиетіндегі қала тақырыбына байланысты кейіпкерлер типологиясының бір тобын осындай бейнелер құрайды.

### Талқылау

Жоғарыда талданған шығармалар ХХІ ғасыр адамының бір тобы мекен ететін қала бейнесімен қатар, қалалықтардың типтік бейнесінің қалыптасқанын көрсетіп отыр. М. Мағауиннің «Жармақ» романында ғалым мен кәсіпкер бір адамның бойынан бөлініп шығып тартысқа түссе, Р. Отарбаевтың «Актриса» әңгімесінде театр артистерінің өмірлері арқылы қоғамдағы кері кеткен «мәдениет» сыналады. Автор адамдардың осындай жағымпаз, нәпсіқұмар типтерінің пайда болуына белгілі бір дәрежеде биліктің де қатысы бар екенін астарлап жеткізген.

Жазушы Роза Мұқанованың «Өзің» деген әңгімесінде суретшінің өмірі мен соның көзімен көрінген қала бейнесін көреміз.

«Жалпы адам болмысы – күрделі әрі көпқырлы дүние. Өзін-өзі жіті тану мен зерттеудің негізінде ғана адам жанының құпия сыры ашылады. Евгений Замятин былай дейді: «Адам роман сияқты: соңы не боларын тек ақырғы парақтан ғана білуге болады». Осылайша, әдебиеттің ең күрделі мәселелерінің бірі – бейне сомдау, және ол бейне адам өмірін шынайы көрсете білуі тиіс» [15]. Біз зерттеу нысанына алған шығармаларда әр жазушы өздері бейнелеген кейіпкерлердің тыныс-тірлігіне қарай қала мәдениетінің жақсы жағын да, жалпы адамның адамдығына тигізген кері әсерін де суреттеген.

Жазушы Дүкенбай Досжанның «Ақ Орда» романында бейнеленетін мемлекеттік қызметкерлер типі де қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңа бейнелер болып саналады. Олардың бейнесіндегі елге қызмет ету деген ұстаным ел болашағынан үміт ету мағынасында көрінген.

Келесі қала кейіпкерлерінің типологиялық бейнесі – қалаға оқуға келіп, баспанаға зәру болған жастардың бейнесі. Мұндай бейне Е. Әбікеннің «Пәтер іздеп жүр едік» деген әңгімесінде бейнеленген. Автор осы шығарма арқылы қазақ қоғамындағы әлеуметтік өткір мәселені ашық көрсетеді.

### Қорытынды

Қала тақырыбында жазылған шығармаларда кейіпкерлердің бірнеше

типi кездеседi. Оларды бiрнеше критерийлер бойынша жiктеуге болады. Қарапайым қала адамы – қалада қарапайым өмiр сүрiп, күнделiктi iстерiмен айналысатын адам. Келесi топ – мiнез-құлқы мен өмiр салты әртүрлi адамдар. Олардың арасында психикалық дертке шалдыққан жандар, өнер адамдары, әншiлер немесе әртістер бар. Үшiншi топ – кәсiп пен саясатқа белсендi араласатын кәсiпкерлер немесе саясаткерлер тобы. Басқа елдерден немесе ауылдан қалаға келген кейiпкерлердi де жиi кездестiруге болады. Соңғысы – баспанасыз жандар. Бұл кейiпкерлер тұрақты баспанасы жоқ және қаладағы көше өмiрiнiң қиындықтары мен қауiп-қатерлерiне тап болған кейiпкерлер болуы мүмкiн. Бiз қарастырған жоғарыдағы жазушылардың шығармаларында осы жiктемеге сәйкес кейiпкерлердi кездестiруiмiзге болады. Кейiпкерлердiң бұл түрлерiн қала тақырыбында жазылған шығармаларда қала өмiрiнiң алуан түрлiлiгi мен күрделiлiгiн бейнелейтiн негiзгi рөлдерде де, кiшi рөлдерде де кездестiруге болады.

Қазақ жазушыларының сан алуан шығармаларын талдау қазақ әдебиетiндегi қазiргi қала адамының сан қырлы келбетiн көруге мүмкiндiк бередi. Мұхтар Мағауиннiң «Жармақ» романында, Рақымжан Отарбаевтың «Актриса» хикаясында және Роза Мұқанованың «Өзiң» әңгiмесiнде берiлген бейнелер мен сюжеттердiң алуан түрлiлiгi қазiргi қала өмiрiнiң сан алуан қырларын көрсетедi.

Авторлардың әрқайсысы қала мен оның тұрғындарының имиджiнiң маңызды сипаттамаларын бөлiп көрсетедi, қазiргi заманғы қала мәдениетiнiң жағымды және жағымсыз жақтарын атайды. Жазушылар өз кейiпкерлерi арқылы сыбайлас жемқорлық, моральдық құлдырау, қалалық ортада болып жатқан әлеуметтiк және мәдени өзгерiстер мәселелерiне назар аударады. Демек, қазақ әдебиетi қазiргi қала өмiрiн бейнелеп қана қоймай, оның жалпы қоғамға тигiзетiн әсерiн де талдайды. Авторлар қалалық ортаның адамның мiнез-құлқы мен құндылықтарын қалай қалыптастыратынын және оған қалай әсер ететiнiн, сондай-ақ мәдени және әлеуметтiк нормалардың қалыптасуын түсiну мен бiлудiң маңыздылығын атап көрсетедi деген қорытынды жасауға болады.

Сонымен мақалада қарастырылған көркем туындыларды саралай отырып, қала тұрғындарының типологиялық бейнесiн төмендегiдей жiктеуге болады: ғалымдар, кәсiпкерлер, өнер адамдары, артистер, театр директорлары, студенттер, пәтер жалдаушы қарапайым жұрт. Осы адамдардың бәрi жиылып келiп қаланың үлкен галереясын жасайды.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары бiлiм министрлiгiнiң Ғылым комитетi қаржыландыратын АР19176500 – «Қазiргi қазақ әдебиетiндегi қала бейнесi және кейiпкерлер типологиясы» ғылыми жобасы аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Әбу Насыр Әл-Фараби. Он томдық шығармалар жинағы. Т. 4. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. – Астана: Лотос-Астана, 2007. – 296 б.

[2] Бердникова О.А. Художественная антропология и поэтология: современные аспекты изучения // XX век как литературная эпоха. Сборник статей. – Воронеж: НАУКА-ЮНИПРЕСС, 2011. – С. 131-141.

[3] Дорофеева Л.Г. Типологические признаки смиренного героя в древнерусской литературе и прозе И. Шмелева («Поучение В. Мономаха» и роман И. Шмелева «Лето Господне») // Проблемы исторической поэтики. –Петрозаводск: Издательство Петрозаводского государственного университета. – 2013. – № 11. – С. 323-337.

[4] Найденова Р. Герои-антагонисты в русской классике: опыт типологии // Актуальная классика. Материалы Вторых студенческих научных чтений. – М.: Литера, 2018. – 194 с.

[5] Сутягина Т.Е. «Лишний человек» и «кающийся дворянин»: к вопросу о типологии героев в русской литературе // Актуальные проблемы филологии. – Екатеринбург. – 2018. – №16. – С. 204-216.

[6] Макаричев Ф.В. Динамическая типология героев Достоевского: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Магнитогорск. – 2002. – 23 с.

[7] Даниленко О. Типология характеров в ранней прозе Ф.М. Достоевского // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. – М.: Издательство Московского государственного гуманитарного университета им. М.А. Шолохова. – 2012. – С. 77-82.

[8] Новикова Е.В. Двойничество и его воплощение в произведениях Ф.М. Достоевского: типология героев-двойников и особенности структуры произведений // Гуманитарные научные исследования. – М.: Международный научно-инновационный центр. – 2014. – №10. – С. 128-131.

[9] Оразбек М. Қазақ әдебиетіндегі қалалық жасөспірімдер образы. [https://adebiportal.kz/kz/news/view/maqpal-orazbek-qazaq-adebietindegi-qalalyq-zasospirimder-obrazy\\_\\_24974](https://adebiportal.kz/kz/news/view/maqpal-orazbek-qazaq-adebietindegi-qalalyq-zasospirimder-obrazy__24974) (қаралды: 03.10.2023).

[10] Алтай А. Бүкір. <https://abai.kz/post/41464> (қаралды: 03.10.2023).

[11] Антология художественных концептов русской литературы XX века / под ред. Т.И. Васильева, Н.Л. Карпичева, В.В. Цуркан. – М.: Флинта, 2013. – 356 с.

[12] Отарбаев Р. Біздің ауылдың амазонкалары. – Астана: Фолиант, 2012. – 424 б.

[13] Досжан Д. Ақ Орда. Төрт бөлімді роман. – Астана: Елорда, 2005. – 528 б.

[14] Әбікенұлы Е. Пәтер іздеп жүр едік. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/satira/30268/> (қаралды: 07.03.2024).

[15] Zhetybai R.K. The Artistic Character of the System of Images in the

## REFERENCES

[1] Äbu Nasyr Äl-Farabi. On tomдық шығармалар жинағы. Т. 4. Äлеуметтік философия. Етика. Естетика [Abu Nasir Al-Farabi. Collected works in ten volumes. Vol. 4. Social philosophy. Ethics. Aesthetics]. – Astana: Lotos-Astana, 2007. – 296 b. [in Kaz.]

[2] Berdnikova O.A. Hudojestvennaia antropologia i poetologia: sovremennye aspekty izucheniia [Artistic anthropology and political Science: modern aspects of the study] // XX vek kak literaturnaia epoha. Sbornik statei. – Voronej: NAUKA-İUNİPRESS, 2011. – S. 131-141. [in Rus.]

[3] Dorofeeva L.G. Tipologicheskie priznaki smirennogo geroia v drevnerusskoi literature i proze İ. Şmeleva («Pouchenie V. Monomaha» i roman İ. Şmeleva «Leto Gospodne») [Typological features of the humble hero in ancient Russian literature and prose by I. Shmelev (“The Teaching of V. Monomakh” and I. Shmelev’s novel “The Summer of the Lord”)] // Problemy istoricheskoi poetiki. – Petrozavodsk: İzdatelstvo Petrozavodskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2013. – № 11. – S. 323-337. [in Rus.]

[4] Naidenova R. Geroi-antagonisty v ruskoi klasike: opyt tipologii [Antagonist Heroes in Russian Classics: the experience of Typology] // Aktuálnaia klasika. Materialy Vtoryh studencheskih nauchnyh chteni. – M.: Litera, 2018. – 194 s. [in Rus.]

[5] Sutägina T.E. «Lişni chelovek» i «kaiuşisä dvoränin»: k voprosu o tipologii geroev v ruskoi literature [“The Superfluous Man” and “the Penitent Nobleman”: on the question of the typology of heroes in Russian literature] // Aktuálnye problemy filologii. – Ekaterinburg. – 2018. – №16. – S. 204-216. [in Rus.]

[6] Makarichev F.V. Dinamicheskaiia tipologia geroev Dostoevskogo: avtoref. dis. ... kand. filol. nauk [Dynamic typology of Dostoevsky’s heroes: abstract. ... Candidate of Philology]. – Magnitogorsk. – 2002. – 23 s. [in Rus.]

[7] Danilenko O. Tipologia harakterov v rannei proze F.M. Dostoevskogo [Typology of characters in the early prose of F.M. Dostoevsky] // İzvestia Rosiskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. A.İ. Gersena. – M.: İzdatelstvo Moskovskogo gosudarstvennogo gumanitarnogo universiteta im. M.A. Şolohova. – 2012. – S. 77-82. [in Rus.]

[8] Novikova E.V. Dvoinichestvo i ego voploşenie v proizvedeniah F.M. Dostoevskogo: tipologia geroev-dvoinikov i osobnosti struktury proizvedeni [Duality and its embodiment in the works of F.M. Dostoevsky: typology of twin-heroes and features of the structure of works] // Gumanitarnye nauchnye issledovania. – M.: Mejdunarodnyi nauchno-innovasionnyi sentr. – 2014. – №10. – S. 128-131. [in Rus.]

[9] Orazbek M. Qazaq ädebietindegi qalalyq jasösprimder obrazy [The

image of urban teenagers in Kazakh literature]. URL: [https://adebiportal.kz/kz/news/view/maqpal-orazbek-qazaq-adebietindegi-qalalyq-zasospirimder-obrazy\\_24974](https://adebiportal.kz/kz/news/view/maqpal-orazbek-qazaq-adebietindegi-qalalyq-zasospirimder-obrazy_24974) (qaraldy: 03.10.2023). [in Kaz.]

[10] Altai A. Bükir [The Hunchback]. URL: <https://abai.kz/post/41464> (qaraldy: 03.10.2023).

[11] Antologia hudojestvennyh konseptov ruskoj literatury XX veka [Anthology of artistic concepts of Russian literature of the twentieth century] / pod red. T.İ. Vasileva, N.L. Karpicheva, V.V. Surkan. – M.: Flinta, 2013. – 356 s. [in Rus.]

[12] Otapbaev P. Bızdıñ auyldyñ amazonkalary [The Amazons of our village]. – Astana: Foliant, 2012. – 424 b. [in Kaz.]

[13] Dosjan D. Aq Orda. Tört bölimdı roman [Ak horde. A four-part novel]. – Astana: Elorda, 2005. – 528 b. [in Kaz.]

[14] Äbikenüly E. Päter ızdep jür edik... [We were looking for an apartment...]. URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/satira/30268/> (qaraldy: 07.03.2024).

[15] Zhetybai R.K. The Artistic Character of the System of Images in the Story of «Betpe-bet» // Bulletin of Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages. Series «Philological sciences». – P. 350-363.

## ТИПОЛОГИЯ ПЕРСОНАЖЕЙ В ГОРОДСКОЙ ПРОЗЕ

\*Аманғазықызы М.<sup>1</sup>, Оразбек М.С.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусайнова  
Астана, Казахстан

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева  
Астана, Казахстан

**Аннотация.** В статье рассматривается типология персонажей и их характеристики в произведениях, написанных на тему города в современной казахской литературе. Особое внимание уделено образу людей искусства как главным представителям культуры города в литературных текстах. Через классификацию людей в зависимости от социальной ситуации в городе исследуется вопрос формирования понятия «горожане» в литературных произведениях.

Цель данного исследования заключается в выявлении художественных образов, формирующих культурную идентичность города, а также в дифференциации художественного образа современного города и определения его места в художественном мире. Вместе с тем в статье проанализирована художественная природа понятия «город», сформировавшегося под влиянием течения постмодернизма и его художественных приемов. В исследовании впервые изучены типичные образы персонажей в произведениях, связанных с темой города в казахской литературе.



В работе изучены образы городских героев в творчестве Рахымжана Отарбаева, Мухтара Магауина, Дукенбая Досжана, Аскара Алтая, Розы Муқановой и Ерболат Абиқена, что позволяет оценить сложность и разнообразие городской жизни в казахской литературе.

Научная значимость работы заключается в исследовании образа города и особенностей его формирования в современной казахской прозе. Также были дифференцированы художественные приемы, использованные при его создании, таким образом было определено новое направление в литературном процессе. Практическая ценность исследования заключается в литературном анализе взаимоотношений персонажей-горожан и их отношения к социо-культурным изменениям в современном обществе.

В исследовательской работе использованы герменевтические, сравнительные методы исследования. В ходе классификации и определения типологического характера образа горожан в современной казахской литературе авторы обращались к трудам зарубежных и отечественных ученых.

Результаты исследовательской работы могут быть использованы при преподавании в вузах теоретических курсов, таких как теория и поэтика литературы, на специальных курсах и семинарах, при изучении формирования новых направлений в современном литературоведении. Ценность данного исследования заключается в анализе процесса формирования типичных образов новых персонажей и выявлении новых направлений в современном литературном процессе.

Благодаря выводам, полученным в результате исследования, стало возможно выразить современные концепции и жизненную философию современного человека, сформированные через образ города в современной казахской литературе.

**Ключевые слова:** современная казахская литература, образ города, горожанин, культура, городской человек, человек нового времени, литературный процесс, духовный упадок, духовное процветание

## TYPOLOGY OF CHARACTERS IN URBAN PROSE

\*Amangazykyzy M.<sup>1</sup>, Orazbek M.S.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>A.K. Kussayinov Eurasian humanities institute, Astana, Kazakhstan

<sup>2</sup> L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**Abstract.** This article explores the typology of characters and their attributes in literary works themed around urban life in contemporary Kazakh literature. Special attention is paid to the portrayal of artists as principal representatives of urban culture within these texts. The study investigates the development of the concept of «urbanites» through the classification of individuals based on their social circumstances within the city.

The objective of this research is to identify artistic representations that shape the cultural identity of the city, differentiate the artistic profile of the modern city, and determine its position in the artistic realm. Additionally, the paper delves into the artistic essence of the «city» concept, which has been influenced by the currents of postmodernism and its artistic techniques. This research offers the first in-depth study of typical character images related to urban themes in Kazakh literature.

The study examines the depictions of urban heroes in the works of Rakhymzhan Otarbayev, Mukhtar Magauin, Dukenbai Doszhan, Askar Altay, Roza Mukanova, and Yerbolat Abiken, facilitating an understanding of the complexity and diversity of urban life as portrayed in Kazakh literature.

The academic significance of this work lies in its examination of the city's image and the nuances of its formation in contemporary Kazakh prose. Artistic techniques utilized in crafting these images have been identified and analyzed, establishing a new direction in the literary discourse. The practical relevance of the research extends to the literary analysis of the interactions among urban characters and their responses to socio-cultural changes in modern society.

Hermeneutic and comparative methods of research were employed in this scholarly endeavor. Throughout the classification and determination of the typological nature of urban characters in contemporary Kazakh literature, the authors consulted the works of both international and domestic scholars.

The results of this study are applicable to university-level teaching, specifically in theoretical courses such as literary theory and poetics, specialized courses, and seminars that focus on the development of new directions in modern literary studies. The value of this research lies in its analysis of the process of forming typical new character images and identifying emerging trends in the contemporary literary process.

The findings of this study have enabled the articulation of contemporary concepts and the life philosophy of the modern individual, shaped through the literary depiction of the city in contemporary Kazakh literature.

**Keywords:** contemporary Kazakh literature, image of the city, urbanite, culture, urban person, modern man, literary process, spiritual decline, spiritual prosperity

*Мақала түсті: 17 сәуір 2024*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Аманғазықызы Мөлдiр – философия докторы (PhD), А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті, Астана, Қазақстан, e-mail: moldir\_amangazykyzy@mail.ru

Оразбек Мақтагүл Социалқызы – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан, e-mail: makpal\_zere@mail.ru

***Информация об авторах:***

Аманғазықызы Молдир – доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусайнова, Астана, Казахстан, e-mail: moldir\_amangazykyzy@mail.ru

Оразбек Мактагуль Социаловна – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, e-mail: makpal\_zere@mail.ru

***Information about the authors:***

Amangazykyzy Moldir – Doctor of Philosophy (PhD), Docent of A.K. Kussayinov Eurasian humanities institute, Astana, Kazakhstan, e-mail: moldir\_amangazykyzy@mail.ru

Orazbek Maktagul Socialovna – Doctor of Philological Sciences, Professor of Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: makpal\_zere@mail.ru